

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің Ұялы ауылының көшелерін қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 9 наурыздағы № 5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 15 наурызда № 7452-15 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Ұялы ауылы халқының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 26 тамызындағы қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің Ұялы ауылының көшелері қайта аталсын:

Советская көшесін Ахметжан Қазымбетов көшесіне;

Пролетарская көшесін Мағжан Жұмабаев көшесіне;

Маркин көшесін Қажым Мүсіпов көшесіне;

Ленин көшесін Ғаббас Тоғжанов көшесіне.

2. Осы шешімінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Г. Карбаев